

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 8 сәуірдегі № 33 қаулысы . Қостанай облысы Жангелдин ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 сәуірде № 9-9-130 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы, 1-тармағы, 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11 наурыз 2011 жылғы № 250 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қаулысына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысы Ішкі істер департаменті Жангелдин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім б о й ы н ш а) :

- 1) әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз етсін;
- 2) аудандық шақыру пунктінде шақырушылар арасында қоғамдық тәртіпті сақтау үшін жұмыстар ұйымдастырылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. А у б а к и р о в к е ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Жангелдин ауданының әкімі

Н. Төлепов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы ішкі істер
министрлігі Қостанай облысының
Ішкі істер департаменті Жангелдин
ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ А. Қабажаев

"Қостанай облысы Жангелдин ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ К. Тулебаев